

*Б. Асанов, 2-курс  
Ғылыми жетекші — А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер  
кафедрасының оқытушысы, құқық қорғау магистрі, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев аса көңіл бөлуде, ол 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру», — деген<sup>i</sup>. Қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған.

Қазақстан Республикасында экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық сипаттамадағы ғаламдық өзгерістер кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше ұшталып, саяси маңыздылығы арта түсті. Осы құбылыстарға байланысты мемлекеттік билік пен елдің экономикалық қызметі саласына сыбайлас жемқорлықтың тереңдеп ену тенденциясы қазіргі талаптарға сай бақылану үстінде.

Сыбайлас жемқорлық, оның көлемі, ерекшелігі мен динамикасы — елдегі жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың салдары. Ел жаңару кезеңін бастан кешіріп отырған кезде сыбайлас жемқорлық әрқашанда етек алады, бұл бір жағынан мемлекеттің қоғамдық және экономикалық негіздерінің салдары. Мемлекет рухани және қаржы тапшылығын көріп отырғанда сыбайлас жемқорлықтың күшеюі мемлекеттік билік институттарын одан әрі әлсіретеді, азаматтардың оларға сенімін азайтады, халықта әлеуметтік енжарлық қалыптасады, қоғамда агрессивтік қылықтар пайда болады.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлықпен өзге де қылмыстардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары екіжақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар<sup>ii</sup>.

Аталған қылмыстардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушының мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстармен күрес саласындағы заң шығару және өзге де құқық қолдану мәселелерін шешу «сыбайлас жемқорлық қылмыстары» мен «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар» ұғымдарының мағынасы мен мазмұндарын түсінуді талап етеді, олардың анықтамасы заңда және заң әдебиеттерінде осы сұрақтарды қарастыруда бірыңғай көзқарастың болмауымен күрделене түскен.

Қарастырылып отырған сұрақтардың шешімі 1988 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заңының 2-бабының 1-тармағының мазмұнындағы сыбайлас жемқорлық түсінігімен тығыз байланысты:

«Осы заңда сыбайлас жемқорлық ретінде заңмен қарастырылмаған мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті, сонымен бірге оған теңестірілген тұлғаның өз қызмет өкілеттігін, қызметке байланысты мүмкіндіктерін пайдаланып, жеке өзі немесе делдал арқылы мүліктік игілік пен артықшылық алу не мүліктік пайда үшін өз өкілеттіктерін басқаша пайдалану, көрсетілген игіліктер мен артықшылықтарды жеке және заңды тұлғалар арқылы аталған адамдарға пара арқылы сатып алу түсіндіріледі»<sup>iii</sup>.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-

экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс<sup>iv</sup>.

Сыбайлас жемқорлықты заңға сүйеніп, онымен күресу арқылы ғана шектеуге болмайды. Күрес, бәрінен бұрын, сол сыбайлас жемқорлықтың туындауына алып келетін жағдайларға қарсы болуға тиіс.

Күрес жан-жақты, кешенді және ұдайы жүргізілгенде ғана және оған билікте, қоғамда атсалысса, ойдағыдай нәтиже береді.

Мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлықтан көріп отырған шығыны қисапсыз, сондықтан да онымен күресу шараларын жүзеге асыруда ешқандай шығыннан аянбау керек.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының заңмен белгіленген негізгі міндеті — мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды біртұтас статистикалық принциптер және стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы ақпаратпен тиімді және жеткілікті қамтамасыз ету, мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесін жетілдіру және дамыту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық пен оның мәселелерін туындатушылар арасындағы байланыс екі жақты болып келеді. Бұл мәселелер бір жағынан сыбайлас жемқорлықты тереңдетеді, ал олардың шешімі сыбайлас жемқорлықтың азаюына көмектеседі, ал басқа жағынан — көлемді сыбайлас жемқорлық өтпелі кезең мәселелерін консервативті ушықтырады, олардың шешіміне бөгет жасайды. Осыдан пайда болатыны, біріншіден, сыбайлас жемқорлықты оны туындататын мәселелер мен жағдайларын бір мезгілде шеше отырып қана азайту және шектеуге болады, екіншіден, осы мәселелердің шешілуі сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық бағыттарда табанды қарсылық көрсетуге мүмкіндік туғызады.

- 
- i Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- ii Борчашвили И. Ш. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Ерекше бөлім. — Алматы, 2007 — 698-б.
- iii Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы. 2003. // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
- iv Қазіргі заманның құқықтық саясаты: оның дамуының проблемалары мен тенденциялары: Халықаралық ғыл.-практ. конф. жин. — Павлодар, 2009. — 421-б.